«Astana Venue Management»
жауапкершілігі шектеулі серікестігінің
Байқау кеңесі отырысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы **«19» наурыз 2026 жыл**

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бейбітшілік көшесі, 11.

Қатысқандар:

1. **Д.З. Ешкеев** – «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы;
2. **Н.Т. Алимжанов** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы;
3. **Ж.М. Даулетов** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары;
4. **А.Т. Кобаев** – «Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары.

Шақырылғандар:

1) Д.А. Исмагулова – «Astana Venue Management» жауапкершілігі шектеулі серікестігі (бұдан әрі - Серіктестік) қаржы және экономика жөніндегі бас директордың орынбасары;
2) Д.Т. Кадыролдина – Серіктестіктің бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы.

Серіктестіктің Байқау кеңесінің осы отырысы заңды деп танылады, кворум шарттары сақталды.

Байқау кеңесінің аталған отырысында «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Д.З.Ешкеевті төраға, Серіктестіктің бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы Д.Т. Кадыролдина хатшы етіп тағайындау ұсынылды.

Дауыс беру қорытындысы:
«Иә» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «қалыс қалды» - жоқ.

ШЕШТІ: Д.З .Ешкеев – төраға, Д.Т. Кадыролдина – хатшы болып тағайындалсын.

Күн тәртібінде:

Осы №1 хаттамаға қосымшаға сәйкес, Серіктестіктің 2025 жылғы даму жоспарының орындалу туралы есебін бекіту.

Төраға: күн тәртібін бекіту үшін дауыс беруіңізді сұраймын.

Дауыс беру қорытындысы:

«Иә» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «қалыс қалды» - жоқ.

Шешті: күн тәртібі ұсынылған редакцияда бекітілсін.

Отырыс төрағасы күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Осы №1 Хаттамаға қосымшаға сәйкес Серіктестіктің 2025 жылғы даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы» талқылауға және шешім қабылдауға көшуді ұсынды.

Серіктестіктің 2025 жылғы даму жоспарының орындалу есебінің жобасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалу есептерін әзірлеу және ұсыну ережелерін бекіту туралы» 2025 жылдың 30 сәуіріндегі № 18 бұйрығымен бекітілген формаларға сәйкес әзірленді.

Серіктестіктің 2025 жылғы даму жоспарының орындалу есебінің жобасында қаржы - шаруашылық қызметінің көрсеткіштері былайша көрсетілген:

2025 жылғы кірістер 1 924 817,0 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- Экскурсия жүргізу қызметтерінен түсетін кірістер 866 345,0 мың теңге;
- Орынжайларды ұсыну қызметтерінен түсетін кірістер 151 856,0 мың теңге;
- Іс-шараларды өткізу үшін орынжайларды ұсыну қызметтерінен түсетін кірістер 75 931,0 мың теңге;
- Сенімгерлік басқару шартына сәйкес ғимаратты күтіп ұстау бойынша көрсетілген қызметтер үшін кірістер 788 542,0 мың теңге;
- Басқа кірістер 1 936,0 мың теңге;
- Қаржыландыру бойынша кірістер 5 037,5 мың теңге;
- Негізгі емес қызметтен түсетін кірістер 35 169,5 мың теңге.

2025 жылғы шығыстар 1 783 416,0 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- Еңбекақы төлеу қоры 925 810,0 мың теңге;
- Салықтар және әлеуметтік аударымдар 125 901,0 мың теңге;
- Коммуналдық қызметтер 137 723,0 мың теңге;
- Қорлар мен материалдар 37 148,0 мың теңге;
- Пайдалану шығыстары 433 447,0 мың теңге (*оның ішінде ағымдағы жөндеу 176 767,0 мың теңге*);
- Жалпы және әкімшілік шығыстар 43 641,0 мың теңге;
- Өзге шығыстар *(өзіндік құн бөлігінде, жалпы және әкімшілік)* 64 038,0 мың теңге;

- Басқа шығыстар 15 708,0 мың теңге (*оның ішінде дебиторлық берешекті есептен шығару 15 697,0 мың теңге*).

Осылайша, Серіктестіктің қаржылық нәтижесі 141 401,0 мың теңге мөлшерінде салық салуға дейінгі пайданы және 121 222,0 мың теңге мөлшерінде таза пайданы құрады.

Дауыс беру қорытындысы:
«Иә» - бірауыздан; «Қарсы» - жоқ; «қалыс қалды» - жоқ.

Шешті: Осы №1 хаттамаға қосымшаға сәйкес, Серіктестіктің 2025 жылғы даму жоспарының орындалу туралы есебі бекітілсін. (Идентификатор – 14-170840031785-2024-026).

Осыған байланысты, Серіктестіктің Байқау кеңесі отырысының күн тәртібі аяқталғандықтан, Серіктестіктің Байқау кеңесінің отырысы жабық деп жарияланды.

Төраға:

Д.З. Ешкеев _____

Отырыс мүшелері:

Н.Т. Алимжанов _____

Ж.М. Даулетов _____

А.Т. Кобаев _____

Хатшы:
Д.Т. Кадыролдина _____